



ҚҰРЫЛТАЙ
23 тамыз
августа



Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлауда дауыс беру тәртібі

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді.

Сайлау учаскесінде сол сайлау учаскесіндегі тізімге енгізілген сайлаушылар, сондай-ақ есептен шығару куәліктерін ұсынған адамдар жеке басын куәландыратын құжатын көрсетуі бойынша дауыс бере алады.

Әр сайлаушы жеке дауыс береді.

Сайлау бюллетені жасырын дауыс беруге арналған кабинада өзі жақтап дауыс беретін саяси партия атауының оң жағындағы бос шаршыға не «Бәріне қарсымын» деген жолдағы бос шаршыға белгі қою арқылы толтырылады.

Бюллетенді өз бетінше толтыруға мүмкіндігі жоқ сайлаушы өзі сенетін және оның тегі дауыс бергеннен кейін сайлаушылардың тізіміне енгізіліп, тұсына сайлаушының бюллетені алғандығы жөнінде қолы қойылатын адамның көмегін пайдалануға хақылы.

Мыналар ондай адам болуға тиіс емес: сайлау комиссиясының мүшесі, жергілікті өкілді немесе атқарушы органның лауазымды адамы, кандидаттың сенім білдірген адамы, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілі, тиісті сайлау комиссиясында тіркелген байқаушы.

Толтырылған бюллетенді сайлаушы дауыс беруге арналған жәшікке салады.

*Қазақстан Республикасының
Орталық сайлау комиссиясы*

Порядок голосования на выборах депутатов Курултая Республики Казахстан

23 августа 2026 года состоятся выборы депутатов Курултая Республики Казахстан.

На избирательном участке голосуют избиратели, включенные в список избирателей на данном избирательном участке, а также лица по открепительному удостоверению по предъявлении документа, удостоверяющего личность.

Каждый избиратель голосует лично.

Избирательный бюллетень заполняется в кабине для тайного голосования путем проставления отметки в пустом квадрате справа от наименования политической партии, за которую он голосует, либо в пустом квадрате в строке «Против всех».

Избиратель, не имеющий возможности самостоятельно заполнить бюллетень, вправе воспользоваться помощью лица, которому он доверяет и фамилия которого после голосования заносится в список избирателей рядом с росписью избирателя в получении бюллетеня.

Этим лицом не могут быть: член избирательной комиссии, должностное лицо местного представительного или исполнительного органа, доверенное лицо политической партии, представитель средств массовой информации, наблюдатель, зарегистрированные в соответствующей избирательной комиссии.

Заполненный бюллетень опускается избирателем в урну для голосования.

*Центральная избирательная комиссия
Республики Казахстан*

Айна ақпарат

«Қаладан – ауылға» жобасы бойынша 6 айда 395 отбасы қоныс аударды

Абай облысында аймақ басшысы Берік Уәлидің бастамасымен осыдан 6 ай бұрын басталған «Қаладан – ауылға» жобасы қарқынды жүзеге асырылып жатыр. Жобаға қызығушылық танытқан азаматтар саны артып, ауылдық жерлерге қоныс аударушылар қатары көбейіп келеді.

Осы уақыт аралығында облысқа жалпы саны 1241 адамнан тұратын 395 отбасы қоныс аударды. Оның ішінде 508 адам Семей қаласынан, 733 адам еліміздің басқа өңірлерінен көшіп келді.

Соңғы аптада облыс ауылдарына 42 отбасы қоныстанды. Бұл – жоба басталғалы бір аптадағы ең жоғары көрсеткіштердің бірі. Бұған дейін аптасына орта есеппен 10-15 отбасы көшіп келген.

Жобаны іске асыру аясында облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес жыл соңына дейін өңірге 500 отбасын көшіру межесі белгіленген. Қазіргі таңда бұл жоспар 79 пайызға орындалды. Белгіленген межеге сәйкес әр ауданға 50 отбасынан қабылдау міндеті қойылған. Бұл көрсеткіш қала және аудан әкімдерінің қыз-



метін рейтингтік бағалау жүйесіне де енгізілген.

Қоныс аударған отбасылардың жаңа ортаға бейімделуі мен тұрмыс жағдайын бақылау жұмыстары тұрақты жүргізілуде. Әр отбасы назарға алынып, олардың жағдайы, өтініш-тілектері мен туындаған мәселелері зерделеніп жатыр. Бұл бағыттағы жұмыстар аудан әкімдерінің жобаға жауапты орынбасарлары және ауыл әкімдерімен бірлесіп жүргізіліп,

қоныс аударған отбасылардың мәселелерін жедел әрі тиімді шешуге басымдық берілуде.

Айта кетейік, биылғы жылдың 20 ақпанында Семейде облыс әкімі Берік Уәлидің бастамасымен «Қаладан – ауылға» өңірлік форумы өтті. Форум аясында «Қаладан – ауылға» атты жаңа жобаның басталғаны жарияланған болатын.

Абай облысының әкімдігі.

Білім саласы

АУДАН ҰСТАЗДАРЫНЫҢ ТАМЫЗ КЕҢЕСІ ӨТТІ

Сәрсенбі күні аудандық мәдениет сарайында Жарма ауданы ұстаздарының дәстүрлі тамыз кеңесі «Сапалы білім, берік құндылық, табысты тұлға: Жаңа оқу жылындағы міндеттер» тақырыбына арналды. Жиын ҚР Оқу-ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменованың құттықтау сөзімен ашылды.

Бейне байланыс арқылы өңір педагогтерін тамыз кеңесінің ашылуымен және жаңа оқу жылының басталуымен құттықтады. Ұстаздар қауымының бас қосуына аудан әкімінің орынбасары Сәкен Сәтпеков, аудандық мәслихат төрағасы Мейірхан Оспанбаев және Білім бөлімінің басшысы Данияр Ақзамов қатысып, құттықтау лебіздерін білдірді.



Ауданның білімді де білікті педагогтары бас қосқан маңызды жиында білім саласының үздік өкілдері марапатталып, ұстаздардың еңбегіне жоғары баға берілді. Салтанатты жиында ауданның бірқатар ұстаздары абыройлы марапаттарға ие болды. Атап айттар болсақ, Абай облысы орта білім беру ұйымдары арасында өткізілген «Орта білім беретін үздік ұйым – 2026» номинациясымен байқаудың лауреаты Шарқаласы Абай атындағы мектеп-балабақша кешені марапатталып, қаржылай сертификатқа ие болды. «Көп жылғы жемісті еңбегі мен Абай облысының білім саласына қосқан елеулі үлесі үшін «Абай облысына сіңірген еңбегі» төсбелгісімен Ақтайлақ би атындағы орта мектебінің директоры Ерзат Бияхметұлы Канпьянов марапатталды.



ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

«Семей жолдары» ЖШС Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды.

1. Құжаттаманың атауы:

1) Абай облысы Жарма ауданы Новотаубинка ауылының маңында орналасқан № 6 өндірістік алаңда («Семей жолдары» ЖШС пайдаланатын Новотаубинское карьері) тас материалын (порфирит) ұсақтау және сұрыптау қондырғысын (PE-750x1060) пайдалану

2. Әсер ету аймағы: ҚР, Абай облысы, Жарма ауданы, Суыкбулак ауылы.

Координаталары: т.1. 49°47' 37.0018" N 80°54'23.0012"E, т.2. 49°47'37.0015" N 80°54'34.0013"E, т.3. 49°47'35.9990" N 80°54'37.0088"E, т.4. 49°47'27.0040" N 80°54'34.0013"E, т.5. 49°47'18.0089" N 80°54'36.0063"E

3. Өткізілетін орны мен күні: ҚР, Абай облысы, Жарма ауданы, Суыкбулак ауылы, Момышулы к-сі, 25 (акимат ғимараты), 2026 жылғы 25 қыркүйекте сағат 15:00.

Карантин жағдайында тыңдаулар онлайн режимінде ZOOM платформасында бейнеконференция арқылы өтеді. Бұл жағдайда қоғамдық тыңдауларға қатысу үшін мына сілтеме бойынша өту қажет:

<https://us04web.zoom.us/j/3442845942?pwd=ejJ1UEE0bk00ajNCbnRrVkl1SVNpEdz09>

Конференция ID: 344 284 5942, Қол жеткізу коды: 5Z6MdR

4. Жоспарланған іс-әрекеттің бастамашысы: «Семей жолдары» ЖШС, БСН 050540008203. Мекен-жайы: ҚР, Абай облысы, Семей қ, Пржевальский к-сі, 80Б, тел.8 (7222) 36-05-77

5. Өзіндік: «Нур-ЭкоПроект» ЖШС. БСН 121140012876. Мекенжайы: ҚР, Абай облысы, Семей қ., Физкультурная көш., 4в, телефон 8 (701) 607 85 56, ekosad@bk.ru электрондық поштасы.

6. Жобалық құжаттама пакетімен Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі сайтында <https://ndbecology.gov.kz>, сондай-ақ ЖАО «<https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat>» сайтында танысуға болады.

7. Жоспарланған іс-шаралар, қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы қосымша ақпаратты, сондай-ақ жоспарланған іс-шараларға қатысты құжаттардың көшірмелерін сұрату үшін мына мекенжайға хабарласуға болады: «Қазақстан су жолдары» «Семей жолдары» ЖШС. Мекенжайы: ҚР, Абай облысы, Семей қ, Пржевальский к-сі, 80Б, тел. 8 (7222) 36-05-77; «Нур-ЭкоПроект» ЖШС. Мекенжайы: ҚР, Абай облысы, Семей қ., Физкультурная көш., 4в, телефон 8 (701) 607 85 56, ekosad@bk.ru электрондық поштасы.

8. Ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдауларға дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей мына мекенжайлар бойынша қабылданады: Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі сайтында <https://ndbecology.gov.kz>, электрондық – urgrp.abay@akimatabai.gov.kz; пошта – ҚР, Абай облысы, Семей қ., көш. Тұрлыханова, 30. Телефон 87222 35-44-22

ОБЩЕСТВЕННЫЕ СЛУШАНИЯ

ТОО «Семей жолдары», в соответствии с требованиями Экологического кодекса РК, уведомляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания.

1. Наименование документации:

1) Эксплуатация дробильно-сортировочной установки (PE-750X1060) для каменного материала (порфирита) на промплощадке №6– Карьер «Новотаубинское» ТОО «Семей жолдары», расположенного в районе с.Новотаубинка, Жарминского района, области Абай.

2. Территория воздействия: РК, область Абай, г.Семей, Жарминский район, с.Суыкбулак. Координаты:

т.1. 49°47' 37.0018" N 80°54'23.0012"E, т.2. 49°47'37.0015" N 80°54'34.0013"E, т.3. 49°47'35.9990" N 80°54'37.0088"E, т.4. 49°47'27.0040" N 80°54'34.0013"E, т.5. 49°47'18.0089" N 80°54'36.0063"E

3. Место и дата проведения: РК, о область Абай, Жарминский район, с.Суыкбулак ул.Момышулы, 25 (здание акимата), 25 сентября 2026 года в 15:00. В случае введения карантина слушания будут проведены в режиме онлайн посредством видеоконференции на платформе ZOOM. В таком случае для участия в общественных слушаниях необходимо пройти по ссылке:

<https://us04web.zoom.us/j/3442845942?pwd=ejJ1UEE0bk00ajNCbnRrVkl1SVNpEdz09>

Идентификатор конференции: 344 284 5942, Код доступа: 5Z6MdR

4. Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Семей жолдары», БИН 050540008203. Адрес: область Абай, г. Семей, ул. Пржевальского, 80Б, тел.8 (7232) 36-05-77.

5. Разработчик: ТОО «Нур-ЭкоПроект». БИН 121140012876. Адрес: РК, г.Семей, ул.Физкультурная, 4В, тел. +7 701 607 85 56, email: ekosad@bk.ru.

6. С пакетом проектной документации можно ознакомиться на сайте Национального банка данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов <https://ndbecology.gov.kz>, а также сайте МИО «<https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat>».

7. Дополнительную информацию о намечаемой деятельности, проведении общественных слушаний, а также запросить копии документов, относящихся к намечаемой деятельности можно по адресам: ТОО «Семей жолдары». Адрес: область Абай, г. Семей, ул. Пржевальского, 80Б, тел.8 (7222) 36-05-77; ТОО «Нур-ЭкоПроект». Адрес: РК, , г.Семей, ул.Физкультурная, 4В, тел. +7 701 607 85 56, email: ekosad@bk.ru.

8. Замечания и предложения принимаются не позднее 3-х рабочих дней до проведения общественных слушаний по адресам: на сайте Национального банка данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов <https://ndbecology.gov.kz>, электронный адрес – urgrp.abay@akimatabai.gov.kz; почтовый - РК, область Абай, г.Семей, ул. Турлыханова, 30. Телефон 87222 35-44-22

ЖАРМА АУДАНЫНДА ДАЛА ӨРТТЕРІНІҢ АЛДЫН АЛУ – БАСТЫ НАЗАРДА

Жарма ауданында жыл басынан бері 17 дала өрті тіркеліп, табиғи өрттердің алдын алу мәселесі өзекті болып отыр. Қазіргі уақытта ауа райының ыстық әрі құрғақ болуы, қураған шөптің көп болуы және желдің күшеюі өрттің таралу қаупін арттыруда.

Әсіресе найзағайлы ауа райында дала өрттерінің туындау қаупі жоғарылайды. Найзағайдың құрғақ шөпке түсуі өрттің табиғи себептерінің бірі болса, көп жағдайда өрттің шығуына адамның абайсыз әрекеті себеп болады.

Дала өрттерінің алдын алу мақсатында Жарма ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі тұрғындарға өрт қауіпсіздігі талаптарын қатаң сақтауды ескертеді.

Азаматтарға далада, шабындықтар мен жайылымдарда от жақпау, сөндірілмеген темекі тұқылын немесе сіріңкені құрғақ шөп арасына тастамау, қоқыс пен өсімдік қалдықтарын рұқсатсыз өртемеу қажет.

Ауыл шаруашылығы техникаларын пайдалану кезінде де қауіпсіздік шараларын сақтау маңызды. Тракторлар мен комбайндардың техникалық жағдайы тексеріліп, қозғалтқыштары мен электр жабдықтары ақаусыз болуы тиіс. Техника алғашқы өрт сөндіру құралдарымен, оның ішінде жарамды өрт сөндіргішпен қамтамасыз етілуі қажет. Жұмыс барысында ұшқынның пайда болуына және жанар-жағармайдың төгілуіне жол бермеу керек.

Найзағай кезінде тұрғындарға ашық далада, жалғыз тұрған ағаштардың және электр беру желілерінің маңында тұрмау ұсынылады.



Құрметті аудан тұрғындары! Бір ғана сөндірілмеген темекі тұқылы, сіріңке немесе бақылаусыз жағылған от үлкен дала өртінің шығуына себеп болуы мүмкін. Сондықтан әрбір азамат өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтап, табиғатты қорғауға өз үлесін қосуы қажет.

Егер далада түтін немесе өрт байқалса, өртті өз бетінше сөндіруге қауіп төнген жағдайда әрекет жасамай, дереу 101 немесе 112 нөміріне хабарлаңыз.

Өрттің алдын алу – оны сөндіргеннен әлдеқайда тиімді. Табиғатты бірге қорғайық, өрт қауіпсіздігін бірге сақтайық!

Жарма ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі.

Күзгі егін жинау науқаны кезінде өрт қауіпсіздігін сақтайық!

Күз мезгілінің жақындауымен ауыл шаруашылығы саласында егін жинау, астық бастыру, сабан мен шөп жинау жұмыстары қыза түседі. Бұл кезеңде ауыл шаруашылығы техникаларының қауіпсіздігі пайдаланылуына және алқаптардағы құрғақ өсімдік қалдықтарының көп болуына байланысты өрт шығу қаупі артады.

Жарма ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі егін жинау науқаны кезінде өрт қауіпсіздігі талаптарын қатаң сақтауға шақырады.

Ең алдымен, егін жинау жұмыстарына тартылатын тракторлар, комбайндар және басқа да ауыл шаруашылығы техникаларының техникалық жағдайы алдын ала тексерілуі тиіс. Техниканың қозғалтқышы, электр сымдары, жанар-жағармай жүйесі және басқа да негізгі тораптары жарамды жағдайда болуы қажет.

Әрбір ауыл шаруашылығы техникасы жарамды алғашқы өрт сөндіру құралдарымен, оның ішінде өрт сөндіргішпен қамтамасыз етілуі тиіс. Техникада ұшқын сөндіргіш құрылғылардың болуы және олардың жарамдылығы тұрақты бақылауда болуы қажет.

Егін жинау кезінде техникаға жанармай құю қозғалтқышы толық өшірілген жағдайда жүргізілуі керек. Жанар-жағармай материалдарын сақтау және тасымалдау кезінде өрт қауіпсіздігі талаптарын бұзуға жол берілмейді.

Астық алқаптарында техниканың жұмыс істеуі кезінде темекі шегуге, ашық от пайдалануға және сіріңке мен темекі тұқылын құрғақ өсімдік жамылғысына тастауға қатаң тыйым салынады.

Егістік алқаптарында өрттің таралуын болдырмау мақсатында алқаптардың шеттерін орып, минералдандырылған жолақтар жасау қажет. Жиналған астық пен шөпті электр беру желілерінің астына, жол жиегіне немесе өрттің таралуына қолайлы орындарға орналастыруға болмайды.

Егін жинау жұмыстарын жүргізетін барлық жұмысшылар өрт қауіпсіздігі талаптарымен таныстырылып, өрт болған жағдайда алғашқы әрекеттерді білуі қажет. Өрт шыққан жағдайда дереу жұмысты тоқтатып, адамдарды қауіпсіз жерге шығарып, 101 немесе 112 нөміріне хабарлау керек.

Құрметті ауыл шаруашылығы құрылымдарының басшылары мен аудан тұрғындары!

Егін жинау науқанының қауіпсіз өтуі – баршамызға ортақ міндет. Бір ғана техникалық ақау, ұшқын немесе абайсыз әрекет бірнеше гектар егістікті, жиналған өнімді және ауыл шаруашылығы техникасын өртке орауы мүмкін.

Өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтау – мол өнімді сақтаудың және адам өмірі мен мүлікті қорғаудың басты кепілі!

Жарма ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі барлық шаруа қожалықтары мен ауыл шаруашылығы құрылымдарын егін жинау науқаны кезінде өрт қауіпсіздігі талаптарын қатаң сақтауға шақырады.

ЫСТЫҚ КҮНДЕРІ СУДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІКТІ САҚТАЙЫҚ!

Жаз мезгілінде ауа температурасының жоғарылауына байланысты тұрғындардың су айдындарында демалуға деген қызығушылығы артады. Алайда аптап ыстық кезінде суға шомылу барысында қауіпсіздік талаптарын сақтамау қайғылы жағдайларға әкелуі мүмкін.

Жарма ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі тұрғындарды судағы қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтауға шақырады.

Суға тек арнайы жабдықталған және қауіпсіздігі қамтамасыз етілген орындарда ғана шомылу қажет. Белгіленбеген жерлерде, ағысы қатты өзендерде, суға түсуге тыйым салынған аумақтарда шомылуға болмайды.

Суға мас күйінде түсуге, жағадан алысқа жүзіп кетуге, белгісіз жерлерде суға секіруге және балаларды қараусыз қалдыруға қатаң тыйым салынады. Әсіресе кішкентай балалардың қауіпсіздігіне ата-аналар мен ересектер ерекше назар аударуы тиіс.

Күннің қатты ысып тұрған кезінде суға бірден түсуге болмайды. Дене қызуын қалыпқа келтіріп, біртіндеп суға түскен жөн. Найзағай кезінде суға шомылуға және су айдынының жағасында болуға болмайды.

Ата-аналарға ерекше ескерту: балаларды су маңында бір сәтке де қараусыз қалдырмаңыздар! Баланың жүзуді білуі оның толық қауіпсіздігін білдірмейді.

Құрметті аудан тұрғындары! Демалыс кезінде қарапайым қауіпсіздік ережелерін сақтау – өз өміріңіз бен жақындарыңыздың өмірін қорғаудың ең тиімді жолы.

Жарма ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі барша тұрғындарды судағы қауіпсіздік талаптарын сақтауға, жауапкершілікпен демалуға және өз өміріне қауіп төндіретін әрекеттерден бас тартуға шақырады.

Судағы қауіпсіздік – әр адамның өз қолында!

Жарма ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі.